ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС

ХАТТАМА

03.09.2025ж

Асықата е\м

Өндірістік кеңестің хаттамасы №1

Күн тәртібінде

1. Балабақша кызметкерлерін ішкі еңбек тәртібімен, лауазымдық міндеттерімен таныстыру. Жұмыс уақытындағы еңбек қауіпсіздік инструктажы

2.Балалардың өмірімен денсаулығын қорғау. Балалардың күн бойындағы тазалықты сақтау әдебінен есеп беру.

3.Педагог мамандарды жаңа оқу жылында жүргізілетін іс-құжаттарын сараптау, тексеру,бекіту.

4.Жас мамандарға тәлімгер тағайындау.Бағыт бағдар беру.Жас мамандардың талап тілектерін ескеру.

1. Сөз сөйледі: балабақша меңгерушісі А.Еримбетова өндірістік кеңесті өткізу барысында барлық қызметкерлерді жаңа 2025-2026 оқу жылындағы жаңалықтармен таныстырып шықты. Сонымен қатар барлық қызметкерлерді ішкі еңбек тәртібімен және лауазымдық міндеттерімен дауыстап оқып беру арқылы таныстырып шықты қызметкерлер бірме-бір танысқандығын растап қол қойып шықты. Ішкі еңбек тәртібінде балабақша да жұмыс берушімен жұмысшының құқықтарымен міндеттері сөз етілген. Сондай-ақ жұмыс орнына келегендегі киіну әдебі,өзін өзі ұстау әдебі адал, таза жұмыс жасауға балабақша мүлкіне ұқыппен қарауға тіртіпке қатаң бағыну туралы баяндалған.

2. Тыңдалды: балабақша әдіскері Н.Байходжаева балалардың балабақшаға келген сәттен бастап тәрбиешілер орындауға тиісті болып саналады. Тәрбиешілер балалардың өмірімен денсаулығы үшін тікелей жауаптылыққа ие. Баланың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықты барлық тәрбиешілер орындауға міндетті болып саналады. Тәрбиешілер барлық күн

тәртібі сәттерінде балаға бақылау жасайды. Баланы балабақшаға қабылдап алған кезде медбикенің баланың дене жарақатының бар жоқтығын қадағалау тәрбиеші міндеті. Тәрбиешілер балалармен сабақ өткен кезде топ бөлмесінде бала үшін қауіпті заттардың тұрмаун қадағалайды. Сонымен қатар баланы үйіне қайтарар кезде мас және бөтен адамға, тым кішкентай балаға бермеуін қадағалайды. Тәрбиеші балаларды балабақшаның ауласынан тыс жерге кетіп қалмауында қадағалау керек сонымен қатар балалар демалыс күнінен соң үйінен таза жалпы гигиена талаптарын сақтап келгендігін медбикемен тәрбиеші қадағалау керектігін балабақшаға келгеннен кейін әр тамақтану алдында тазалық шараларын қатаң сақтау керектігін түсіндіріп сөзін қорытындылады.

3. Сөз сөйледі: балабақша әдіскері Н.Байходжаева жаңа 2025-2026 оқу жылындағы құжаттарды рәсімдеу жұмыстарын түсіндіріп өтті. Биылғы жылда балабақшамызға келген стандарт бойынща әр топ сабақты кіріктірілген әдіспен және балаларды дамытатын ойын түрінде өткізу керектігін түсінждірді. Биылғы жылғы перспективалық жоспарды ұттық құндылықтарға негіздеп соның міндеті аясында бір апталық күн тәртібі яғни циклограмманы жасай отырып балаларды тәрбиелеп білім беру көзделгенін түсіндіріп өтті. Барлық педагогтар келісім берді. Жаңа оқу жылында жасалған перспективалық жоспарлар мен циклограмма тексеріліп меңгеруші тарапынан бекітілді.

4. Сөз сөйледі: балабақша меңгерушісі А.Еримбетова балабақшадағы жас мамандарға тәлімгер етіп әдіскер Н.Байходжаева сайлансын деп ұсыныс айтты, қызметкерлер бір ауыздан келісім берді. Әдіскер жас мамандарға жыл бойы жүргізілетін жұмыстарына көмек көрсетіп олардың тура бағытта жұмыс жүргізуіне бірден-бір қол ұшын беретін олардың талап-тілектерін ескеріп қарауы керектігін тапсырды. Әдіскер келісті.Сонымен қатар жас мамандар өз тәжрибесін арттыру мақсатында басқада балабақшаларға барып, білікті мамандардан тәжрибе алмасуынада әдіскер жағдай жасау керектігін ескертіп өтті. Мақсатымыз Балаларға тәрбиемен білім беру барысында жас мамандарды оңтайлы жолмен алып жүрі.Тәжрибесін шыңдау.Жас мамандардың бес білім дағдысы бойынша балаларды тәрбиелеп білі беруіне жағдай жасау деп меңгеруші А.Еримбетова сөзін аяқтады.

Шешім:

1. Балабақшада барлық қызметкерлер ішкі еңбек тәртібіне сай жұмыс жүргізсін.

2. Балалардың өмірімен денсаулығын қорғау үшін қажетті барлық шаралар қолға алынсын.

3. Әдіскер тарапынан педагогтардың жұмыс жоспарларының сапасы ай сайын бақылауға алынсын.

4. Жас мамандарға әдіскер тарапынан ұдайы көмек көрсетілсін. Қажетті жағдай жасалсын.

Өндірістік кеңеске қатысқандар- 12

Кеңес төрайымы Ерімбетова

Хатшы Н.Кайпанова

Өндірістік кеңестің №2 хаттамасы

Қатысқандар:20 26.12.2025ж

Күнтәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Жылу мәселесі
3. Жаңа жыл мерекесінде қауіпсіздік ережесін сақтау
4. Қысқы маусымдағы қар,мұздан балаларды сақтау.

1.Тыңдалды:Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
Сөйледі:А.Еримбетова балабақша меңгерушісі топтарда бала саны анықталып, топталды. Жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бекітілген, оқу тәрбие ісі жүргізілуде. Стандарт талаптыран сай
жабдықталған.Әртопта қажетті ата-аналар,табиғат,еңбек,денсаулық,кітап, кезекші бұрыштары безендірілген, оқу ісіне қажетті көрнекіліктер, суреттер, альбомдар, үлестірмелі, дидактикалық материалдар жинақталған. Ашық ұйымдастырылғаноқуіс-әрекеттері,тілмерекесі,күзмерекесіаталып өткізілді.Әрбір қызметкер балалар өмірінің қауіпсіздігін ескере отырып,іс-шараларға ұйымдастыруда. Үнемі бала өміріне жауапты екенімізді естен шығармайық деді.

2.Тыңдалды:Жылу мәселесі
Сөйледі: М.Ганиева – балабақша медбикесі -күннің суытуына байланысты жылу жұмыстары іске қосылды.Қазандықтар жақсы жұмыс істеп тұр.Жылу жүйесі үнемі қадағалануда. Бөлме жылулық температурасы +21 ^{0}С да сақталуда.Терезелермен еденнің ақаулары жөнделді.Жылужүйесібір қалыпты жұмыс істеуде. Балалардың қауіпсіздігі ескерілген

3.Тыңдалды:Жаңа жыл мерекесінде қауіпсіздік ережесіне сақтау
Сөйледі: А.Еримбетова жаңа жылдық мерекеге арналған «Жасыл шырша»мерекесінтойлауғаәзірленудеміз.Безендіруменөткізужұмыстары жоспарлануда. Мереке қызықты өту үшін әрине әдемі түрлі түсті ойыншықтар, шырақтар, отшашулар мен музыкалық тосын сәттер ұйымдастыруда қауіпсіздік ережесін сақтап,абай болуларыңызды тапсырамын.Ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілсін,ережені қатаң сақтаңыздар. Бір сәттілік отшашу, үлкен қайғы әкелмеуіне кім кепіл, оған жол бермей, алдын алу жұмыстары жүргізілсін деп сөзін аяқтады.
4.Тыңдалды: Қысқы маусымдағы қар,мұздан балаларды сақтау.
Сөйледі: А.Еримбетова сонымен бірге қысқы ауа рай, ақ қар, көк мұздан сақтану жұмыстары жүргізілсін.Бақшаға кіру жолдары,баспалдақтыңқар, мұзын ерте келіп тазалау қажет. Таңертең ата-аналар балаларымен бірге тайып жығылмау үшін, кілемшелер төселіп, сақтандыру жұмыстарын жүргізуді тапсырамын. Шатырлардың мұздарын балалар көп жүретін жерлерінтүсіріп,қағукерек.Басынатүсіпжарақаталыпқалмасын.Аула

сыпырушы мен жұмысшы қызметкерлер жұмыстарын дұрыс атқаруды тапсырамын. Қадағалауды мебдике М.Ганиева мен шаруамеңгерушісіне бекітемін деді.

Шешім:

1. Бөлмелер жылулығы+21^{0}Стемпературада сақталсын.Жауапты: медбике М.Ганиева ,шаруамеңгерушісі
2. «Жасыл шырша»мерекесінде қауіпсіздік ережесі сақталсын.Жауапты: Тәрбиешілер. Мед бике М.Ганиева
3. Аулақар [redacted] амеңгерушісі, мед бик[redacted]

Кеңес төрайымы [redacted] Еримбетова

Хатшы [redacted] Н.Кайпанова